

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот сараптамасын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 6 қараша N 251-II

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Z970188\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 276-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат):

10-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Бір жолғы тәртіппен сараптама жүргізу:

1) сараптама түрлерінің заңдарда белгіленген тізбесінде көзделмеген сараптама тағайындалған;

2) осы заңның 27-бабына сәйкес шет мемлекеттің сот сараптамасы саласындағы маман сарапшы ретінде тартылған;

3) сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын, сондай-ақ лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын тиісті мамандықтағы барлық сарапшыларға қарсылық қанағаттандырылған не осы адамдар және тұтас алғанда тиісті сот сараптамасы органы сараптама жүргізуден дәлелді себептермен шеттетілген жағдайларда тапсырылуы мүмкін.";

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңдарымен" деген сөздер "осы Заңмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы

Z970206\_

Қазақстан Республикасының

Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат):

1) 83-баптың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы заңдарымен" деген сөздер "осы Кодекстің 243-бабының бірінші бөлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 243-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот сараптамасын жүргізу:

- 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
- 2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарға;
- 3) заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін."

3. 1999 жылғы 13 шілдедегі

К990411\_

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат):

91-бапта:

төртінші бөліктегі екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот сараптамасын жүргізу:

- 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
- 2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарға;
- 3) заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.";

алтыншы бөліктегі бірінші сөйлем алып тасталсын.

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы

К010155\_

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат):

597-баптың бірінші бөлігіндегі екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот сараптамасын жүргізу:

- 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
- 2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарға;
- 3) заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін."

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК